


Qazaqstan Respublikasy
Aqtobe oblysy
Aiteke bi aydany
«Ushkatty jalpy orta
bilim беретін mektebi» KMM



Республика Казахстан
Актюбинская область
Айтекебийский район
КГУ «Ушкаттинская
общеобразовательная средняя школа»

Úshkatty aýly, Abai kóshesi № 17, тел: 25-1-27, 25-2-49, факс 25-1-27

E mail: ushkatty_akmurzin@mail.ru.

Бұйрық № 52

01.09.21ж

«Жаңа 2021- 2022 оқу жылының басталуы туралы»

Қазақстан Республикасының Премьер Министрі орынбасарының 02.08.2021 жылғы № 21-01/04-486/21-01-7.13 п.3.7 тапсырмасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 368 бұйрығы және Ақтөбе облысы білім басқармасының № 207 бұйрығы негізінде, Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 31 тамыз № 173 бұйрығын басшылыққа ала отырып 2021-2022 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған мерзімдері туралы ата – аналар назарына жеткізілсін.
1. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда -33 оқу аптасы; 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. Оқу процесін ұйымдастыруда «2021 -2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
2. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына енгізілген өзгерістер 2021 жылғы 20 тамыз №415 бұйрығы негізге алынсын.
3. ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі заңына сәйкес әзірленген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы «ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 127 қаулысына өзгерістер енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 254 қаулысы негізінде 6 жасқа толған ата - анасының өтініші, туу туралы куәлігінің көшірмесі денсаулығы туралы анықтама (026/у-3нысаны), 3*4 көлеміндегі фото (2 дана) бар төмендегі балалар 1 класқа қабылдансын:
4. Сатыбалдин Дамир
5. Таскарина Карина
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.С.Алдасугуроваға жүктелсін.

Мектеп директоры



К.Б.Алькенова